



ХҒТАР 18.71.91
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-348-362>

Қазақ зергерлік хрематонимдерінің сакралды және этномәдени коды

Ш.Т. Кудьярова^{ID}, Г.Қ. Қортабаева*^{1ID}, А.А. Дарменова^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: kudyarova.72@mail.ru, turki_alemi@mail.ru, darменова.98@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада зергерлік бұйым атаулары, олардың мифтік-семантикалық мәні мен түсіндірмесі, тақырыптық-лексикалық түрлері, және қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Тіл мен мәдениет тоғысында зергерлік өнерге қатысты тілде қалыптасқан архетиптік, мифтік, символдық лингвокультуремалардың ішкі мазмұнын, мәдени семантикасын, мәдени-сакралды прагматикасын ашудың маңызы зор.

Зергерлік бұйымдарда бейнеленген эталондар, танымал ұғымдар мен символдардың ұлттық рухтың көрінісі ретінде қабылданып, метафоралардың мәнін білдіреді әрі бұл мазмұн паремиологиялық және фразеологиялық жүйе арқылы сақталып, танылады. Зергерлік өнер туындылары арқылы бейнеленген мәндік бағдарлар, дәстүрлі көзқарастар мен символдар халықтың рухани болмысы, дүниетанымы фразеологиялық, паремиологиялық жүйе арқылы танылады және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі.

Зерттеу мақсаты – қазақ әйелдерінің әсемдік бұйымдары білезік, бетмоншақ, жүзік, жырға, сақина, сырға, түйме, шашбау, шытыра, шолпы атауларының ішкі мазмұнында жасырылған этномәдени кодтың кілтін фразеологиялық, паремиологияда сақталған ақпарат арқылы анықтау көзделді. Зергерлік бұйымдар арқылы таңбаланған эталондар, ұлттық стереотиптер мен символдар халықтың рухани болмысы, дүниетанымы және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Бұл бұйымдардың тек сәндік немесе байлық көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар олардың ғұрыптық, мифтік-сакралды, функциялық ерекшеліктері, тағу дәстүрі, жас ерекшеліктеріне қарай түрленуі және қолданыстық сипаты да маңызды зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Сонымен қатар зергерлік бұйымдар тарихи дереккөз ретінде қарастырылып, олардың функционалдық мәніне, аймақтық ерекшеліктеріне және жас айырмашылықтарына да назар аударылды.

Түйін сөздер: мәдени код, қазақ әйелі, салт-дәстүр, халық даналығы.

Түсті: 01.12.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Кіріспе

Қазақ халқы тек сөзге ғана шеберлігімен танылған жоқ, сондай-ақ бай мәдениеті мен таңғажайып құндылықтардың бірі қолөнер, зергерлік өнерімен де ерекшеленеді. Зергерлік бұйымдар ғасырлар бойы және бүгінгі күнге дейін эстетикалық жағынан ғана емес, рухани жағынан да сакралды мағынаға толы халық тарихын зерттеуде құнды дереккөз болып саналып келеді. Ғалым Жамал Манкеева пікірінше, «қазақ халқының дәстүрлі қолөнері – таусылмас байлықтың көзі, рухани құндылықтарға толы сарқылмас қазына, бай мұра [1, 100].

Зергерлер жасаған бұйымдар өздерінің сан алуан әдемі өрнектерімен, сырлы бояуларымен, ою-өрнегімен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Сырға, жүзік, сақина, білезік, алқа, шолпы сынды әшекейлерді тағудың өзіндік тәртіпке бағынған ережелері бар. Айта кетсек, бойжеткен арулар бастарына үкілі сәукеле киіп, құлағына сырға, саусағына сақина, білегіне білезік тағып беліне белдік, шашына шолпы таққан. Бұл бұйымдар арулардың көркемдік талғамы мен сән-салтанатқа деген көзқарасын айқын көрсеткен. «Казахские ювелирные изделия – феномен материальной культуры народа. Они отличаются своим художественным стилем и технологией изготовления, эстетическими и функциональными канонами, являют собой один из наиболее действенных способов презентации себя социуму» [2,52].

Төл мәдени мұрамыз бен ұлттық рухты қамтитын мәдени құндылықтарды жан-жақты зерттеу – мемлекеттіліктің негізін бекемдейтін маңызды алғышарттардың бірі. Қазіргі кезеңде танымдық, эстетикалық әрі тәрбиелік маңызы зор дәстүрлі зергерлік бұйымдарға қатысты жинақталған салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерді жүйелеп, ғылыми тұрғыда саралап, қайта пайымдау – өзекті ғылыми міндеттердің қатарында.

Зерттеудің басты мақсаты – қазақтың дәстүрлі қолөнерімен сабақтас зергерлік әйел әшекейлеріне қатысты қалыптасқан лексика-семантикалық атауларды жинақтау, оларды этнолингвистикалық бағытта талдай отырып, танымдық ерекшелігін, әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын айқындау. Сонымен қатар, зергерлік лексиканың бойында сақталған сакралды мағыналарды және этномәдени кодты лингвомәдени тұрғыдан ашып көрсету көзделеді. Себебі этномәдени код – ұлттың лингвомәдени жүйесінің айнасы әрі рухани болмысының көрінісі болып табылады.

Зерттеудің әдістері мен материалдары

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктер алынды. Хрематонимдік аталымдарды лингвомәдени аспектіде зерттеу лексика-семантикалық талдау, диахронды-синхронды сипаттама талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу мақалада қазақ қолөнеріне байланысты Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері», З.Ержанованың «Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі», А.Әлімжанованың «Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты», Ж. Манкееваның «Мәдени лексиканың ұлттық сипаты», Р.Шойбековтің «Қазақ зергерлік өнерінің лекси-

касы», Б.Хинаят, А.У.Сужикова, З.Наурызбаева, Т.Әсемқұлов, С.Қондыбай, т.б. көптеген ғалымдардың еңбектеріне негізделі келе, зергерлікпен байланысты кешенді, тілдік және кешенді талдаулар жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Хремотонимдердің ғылым ретінде қалыптасуы мен даму тарихын айрықша зерттеген бірден-бір ғалым Ономастика институтының чех тілі бөлімінің меңгерушісі, Халықаралық ономастикалық ғылым советінің (International Council of Onomastic Sciences) вице-президенті Милан Гарваликтің «К вопросу о современной ономастической терминологии» деген мақаласында жүйелі түсіндірілген. Хремотонимдердің нақты ғылым жолына қойылуы XX ғасырдың II жартысынан басталады және түсініктің әр түрлі болғандығы айрықша атап өтілген.

М.Гарваликтің айтуынша, хремотоним термині әрқилы түсіндіріледі. Славян ономастикасындағы ғылыми көзқарас бұл ұғым адам қолымен жасалған, белгілі бір жерге қатысты емес нысандар атауын білдіреді. «Мысалға қоғамдық мерекелердің, мекеме және бірінғай заттардың (пароход, қонырау, сурет) немесе жаппай шығарылатын бұйымдардың өзіндік атаулары хремотонимдері қатарына жатады»деп атап көрсетеді. [3, 7].

Сондай-ақ М.Гарвалик осы мақаласында басқа да зерттеушілердің көзқарасын (A.Room, H.Dorion, J.Poirier) талдай келе, А.Румның хремотонимдерді «unique cultural objects of value», яғни заттық құндылықтарды бейнелейтін «мәдени нысан бірліктері» деп қарастырғанын және Г. Дорион мен Й. Пуарьелер хремотонимдерді (chrématonymes) көлік құралдары атаулары деп атағанын жазған [3,8].

Хремотоним (гр.chrema – зат, мүлік, опума) – адам өмірінің прагматикалық сферамен байланысты, атап айтқанда қару-жарақ, музыкалық аспап мен зергерлік бұйымдар т.б заттық мәдениет атауларын зерттейтін онимнің бір түрі. Н.В.Подольскаяның түсіндірме сөздігінде хремотоним ұғымы былайша сипатталады: «бұл – адам еңбегімен жасалған немесе өндірілген заттық мәдениет үлгілеріне берілетін дара атау. Осы тектес атаулар қатарына қару-жарақ, музыкалық аспаптар, әшекей бұйымдар, тұрмыстық қажет керек-жарақтар мен бағалы тастар атаулары кіреді» [4,146].

Біз де өз тарапымыздан Н.В.Подольская мен А.Румның көзқарасымен келісетіндіктен, зергерлік бұйымдарды хремотоним деп атайтын боламыз. Зергерлік хремотонимдер *бас киімге, шашқа, мойынға, қолға, құлаққа, мұрынға тағылатын сәндік бұйымдар, белдік түрлері* сияқты түрлі топтарға бөлінеді.

Алдымен бас киімді алсақ, оның өзіндік әлеуметтік-мәдени қызметі бар. Соған байланысты бас киімнің бірнеше әлеуметтік қызметі, атап айтқанда, қазақ әйелінің жас ерекшелігі, отбасындағы жағдайы, эстетикалық-діни сипаттарын білдірген. Мәселен, жас қыз бала кезінде тақия, тұрмысқа шығып келіншек болғанда сәукеле, ал жасамыс әйел болған кезінде кимешек киеді, кейуана болғанда жаулық тартады. Салт-дәстүрге байланысты бас киімнің өзгеріп тұруы әйелдің әлеуметтік статусының ауысуының символы болып саналады.

Қазақ қыз-келіншектері жалаңбас жүрмеген, шашты жабу үшін түрлі бас киім киген. Қазақ әйелдері жасы мен отбасы жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігі бар бас киім

киген: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, қарқара, сәукеле, тақия, шәлі т.б. Осы аталған бас киімдерінің әшекейлері сан алуан болған. Мысалы, жақ моншақтар бөрік, кимешек сияқты бас киімнің екі жақ самайына және маңдайдың алдыңғы жағына, қасына түсіріп, тағылады. Зергер шеберлері қолданған асыл металл – алтын, күмістен жасалған жақ моншақтарды жібек жіпке өткізе отырып, бағалы тастармен көркемдеген.

Бас киімге тағылатын әшекей түрлері. Төмендегі зергерлік хрематонимдерге «Сәндік қолданбалы қолөнер» оқулығында анықтама берілген [5, 95].

Былқылдақ – әйел адамның бас киіміне тағылатын ірі көлемдегі сәндік үлкен моншақ немесе қызыл маржан тастардан жасалаған әшекей түрі.

Есектас – көз тиюден сақтайтын ырымдық мағынаға ие, жас балалардың киіміне тағылатын көгілдір түсті, тегістеліп өңделген сәндік тас бұйым.

Жырға – сәукелені көркемдеу мақсатында қолданылатын, әдетте бірнеше ұсақ салпыншақтан құралған сәндік элемент. Ол бас киімнің екі жағынан төмен түсіп кеудені көмкеріп тұрады.

Қозалы үкі – бөріктің төбесіне қадалатын, үкінің қауырсынына оралған сәндік зат. Бұл әшекей түрі көбінде қыз келіншек киімінің ажарын ашады.

Үкі аяқ – жоғары бөлігіне асыл тас орнатып, төменгі жағына күміспен қапталып, бас киімге немесе нәрестенің бесігіне тұмарлық ретінде тағатын әшекей. Ежелгі дәуірде үкі киелі құс саналып, оның аяғын, қауырсыны мен аяқтары жамандықтан сақтайды деген сеніммен тұмар орнына тұтынған.

Шеттік – кимешектің жақтау бөліміне қадап тағылатын күмістен жасалған сәндік элемент. [9, 91]

Шоқ – алтыннан жасалынып, асыл тастармен көмкерген бас киімге сәндік ретінде тағатын күрделі зергерлік бұйым. Бұрама шоқ пен үкілі шоқ сынды түрлері бай безендірілумен ерекшеленеді. Мұндай сәндік заттар иесінің әлеуметтік мәртебесін, қоғамдық орнын білдіріп, салтанаттың белгісі ретінде қолданылған. Белдікке тағылатын шоқ белбеу мен шоқ қондырылған әшекейлер дәулеттілік пен тектілікті, лауазымды көрсеткен. Асыл тастар түр-түсі адамның дәрежесінің нышанына айналған.

Шырмауық – металл ілгек түріндегі сәндік оқа, көбінесе бас киімді көркемдеуге арналған.

Шытыра – бас киімге, омырауға, аяқ киімге немесе ағаш бұйымдарға, ер-тұрманға орнататын, асыл тастан не күмістен жасалған әшекей. Бұл әшекейдің балама атаулары – шеттік, шытырма, оқа. Түрлері: ақ шытыра, алтын шытыра, күміс шытыра, күмбез шытыра, құмырсқа бел шытыра, меруерт шытыра, т.б. деп аталады.

Талмоншақ – тақияға, сырт киімге бірнеше қатар етіп тағылатын моншақ. «Күміс шытырамен көркемдеп үкі тағылған тақия киген, беті қызыл Сүлейменнің қызы Зұлқия еді» [6,154].

Бетмоншақ – сәукеленің екі шетіне ілініп төмен қарай салбырап тұратын моншақ әшекей. Әдетте, бұл бұйым бірнеше қатардан құралып, бет жағына төгіліп түсіп тұрады. Бет моншақтың төмен түсуі қыздың ұялшақтығын, ибалылығын білдіретін көркем белгі ретінде танылған. Сәукеленің ұшар басына жібектен желек ілініп, оған үкі қадалатын

болған. Сыртынан ұзын, ақ жібек матадан тігілген орамал жаулығы болады. Одан бөлек, сәукеле түрі сәндік элементтерден безендірілген: көз моншақ, үкіаяқ, жыланбас тәріздес тұмарлық әшекейлер тағылады. Сонымен қатар, күмістен соғылған төбе жағын көмкерген төбелдік, маңдайына тағылатын асыл тасты күміс маңдайша, сәукеле қозасы, екі жағына маржаннан тізілген шолпы тәріздес салпыншақтар, бет шетін көмкерген жиек және белге дейін төгілген артқы шашағы болған. Жалпы сәукелені сәндеуге өте қатты көңіл бөлген.

Х.Арғынбаев мәліметіне сүйене отыра, ерекше шеберлікпен безендірілеген, сән-салтанаты келіскен сәукеле бағасы айтарлықтай жоғары болған. «Мәселен, Бөкей Ордасында кездескен бір түрінің құны күміс ақшамен 1000 сомға бағаланса, ал Семей айналасында 2000 сомға бағаланған». Сонымен қатар, Жетісуда аймағында жасалған бір сәукеле жүз жылқының бағасымен теңестіріліпті. Қазіргі таңда осындай құнды сәукелелер Ленинградтағы Антропология және этнография музейінің қорында сақтаулы тұр [7, 118].

Шашқа тағылатын сәндік бұйымдар.

Шолпы – қыздар сәндік үшін шашбауға тағатын әшекейлі алтын яки күміс теңге [5, 95]. Қазақ дәстүрінде әйел адамның шашының ұшында «тіршіліктің қуаты» бар деп сенген, сондықтан да шашқа ерекше құрметпен қарап, ешқашан аяқ астына тастамаған. Сондықтан бір жағы жинақылық, екінші жағынан діни наным-сенімге байланысты шашты қимай, бұрым етіп өріп, ұшына шолпы байлаған.

Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» атты шығармасында ұлттық әшекей атаулары көбірек сипатталған: «Жиегінде келе жатқан қыздардың күлкісі мен шолпысы да сылдыр қағады» [8, 38].

Шолпының шығаратын сыңғыр үннің суға түскен теңгенің сылдырына ұқсас болуына байланысты, қазақ халқы бұл әшекейді «шолпы» деп атаған. Қыз таққан шолпының сыңғырлаған сүйкімді үнін ақын Мағжан «Шолпы» атты өлеңінде шынайы суреттейді және оны өзінің ішкі сезімін білдіруде қолданады:

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр.

Өзекті өртеді құрғыр.

Әдейі іргеден жүреді

Жүректі жандырды құрғыр.

Бұрынғы кезендерде Орта Азия мен Қазақстан аумағында мекен еткен өзбек, тәжік, түрікмен, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр халықтарының арасында шолпы ерекше мағынаға ие им-ишаралық белгілердің бірі ретінде қолданған. Шаштың көркін арттырып, нәзіктікті айқындай түсетін бұл зергерлік бұйым – шашқа арналған көркем бұйымдардың бірегей әрі сан алуан түрлерінің қатарына жатады..

«Қыл шашын байлап қылаңдап,

Шашбауын байлап сылаңдап...» («Қобыланды батыр» жырынан)

Бойжеткендердің шолпылары қарапайым әшекейлермен безендірілсе, тұрмысқа шығатын қыздардікі ерекше әдемі болған. Шашқа өріліп бекітілген шолпылар қозғалыс кезінде сылдыраған әуенді дыбыс шығарып, иесін жаман күштерден қорғайды деп сенген. Мұндай әшекейлерді әдетте қыздар тұрмысқа шыққаннан кейін тек бір жыл тағып жүрген.

Шашбау – өрілген бұрымның ұшына тағылатын сәндік әшекей. Ол көбінесе алтын немесе күміс тиындармен безендіріліп, кейде маржан тастармен әрленеді. Әдетте шашбау көбінесе күмістен шекемелеп жасалады және оған түрлі-түсті қымбат тастар қондырылады. Сондай-ақ, ұзын күміс шынжыр түріндегі бауға тізілген моншақтармен немесе берік, бағалы матадан өрілген, алтын-күміс жіппен өрнектеледі. Шашбаудың ұшына күміс теңгелерден жасалған салпыншақтар мен «сөлкебай» тәріздес әшекейлер ілінеді.

«Апасы жылтырағанды Күнікейдің үстіне жапсырады, шашын жылтыратып тарайды, өреді, омырауын қызыл, жасыл жіппен кестелейді, тана моншақты камзолына тағады, уақ күмістен сылдырмақтай шашбау да істейді»[8, 7].

Оның шолпыдан айырмашылығы – ол бұрыммен бірге қатарласа өріліп, әшекейленген теңгелері мен күміс бөлшектері тікелей шаштың ұшына бекітіледі. Сөлкебай – «целковый» деген орыс сөзі арқылы кірген қазақтардың күміс ақшасы.

Танабау – жас балаға алғашқы қуанышы үшін тағылатын түйме танабау деп аталады. Әдетте дос жарандары жас қызға, сөлкебай тағып жібереді.

Халық әндерінде ырғала айтылатын *«Сылдыраған шашбауың мен алтын сырғаң», «Көрінер қыздар сұлу шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен»* деп қыз сұлулығын көркемдеушілерге баса назар аударған.

Әйелдерге арналған әсемдік бұйымдар *алқа, белбеу, білезік, жүзік, күміс оймақ, сақина, сәукеле, сырға, түйме, түйреуіш, шашбау, шолпы* атауларының ішкі мазмұнында этномәдени кодтар жасырылып тұр.

Шашбау мен шолпыны бір-бірімен шатастыруға болмайды, өйткені олардың қолданысындағы мағына мен орны бірегей емес. Мысалы, шашбау - көбінесе тұрмысқа шыққан әйелдерге, шолпыны – бойжеткен қыздар тағады. Шашбау екі бұрымды біріктіру үшін тағылады, себебі қос өрім – әйел затының белгісі, тұтастықтың символы ретінде қарастырылады. Ал қыз балада бір ғана бұрым болады және оның ұшына шолпы ілінеді. Бұл – бойжеткеннің нәзіктігі мен бой түзеген шағын білдіретін танымдық белгі.

«Алпамыс батыр» дастанында алтын тиын қадалған тіллә шашбау атауы кездеседі:

«Заманыңда тағыпсың

Тілла шашбау жар-жар...»

Тілла – шашбаудың алтын тиын тағылған түрі.

Шашбау мен шолпы бұрымның ұшын бекітіп қана қоймай, өз салмағы арқылы шаштың түбін тартып, бұрымның әдемі әрі тығыз өсуіне ықпал етеді. Ауыр шолпы таққан адамның басы ауырмайды деген де наным бар. Ара тұра шашбау қара баудан өріліп, шаш қалыңдығын көлемді әрі ұзын етіп көрсетуге ықпалдасады. Шашбаудың пішіні мен көлемі әйелдің жасына байланысты өзгеріп отырады: жасы үлкен әйелдерге арналған шашбаулар қарапайым әрі салмақты болады. Ал кейде шашбаудың ұшына сандықтың кілтін байлайтын арнайы бау тағылады.

Мойынға тағатын бұйымдар.

Алқа – мойын мен омырау тұсына тағылатын зергерлік әсем бұйым. Бұл әшекейдің аса сәнді әрі күрделі үлгілері Қазақстанның батыс және оңтүстік – батыс аймақтарында кеңінен тараған. Алқа, меруерт, маржан, үзбелі моншақтар тізбектерінен құралған асыл

тастардан жасалуы мүмкін, сонымен қатар алтын, күмістен соғылып, беті ою-өрнекпен әрленіп, қымбат тастармен көмкеріледі. [5, 95].

Әйкел – мойынға тағатын алтын не күмістен жасалған көне зергерлік бұйым атауы. Бұл әшекей өзбектерде хайкал, қарақалпақтар хайкел деп аталады. Олардың металдан соғылған сәндік бұйымы қазақ халқының дәстүрлі әшекейімен төркіндес. [5, 95].

Қолға тағатын зергерлік бұйымдар.

Сырға – әйелдердің құлағына тағылатын әсемдік үшін жасалған зергерлік бұйым түрі. Бұл әшекейдің түр-түрі бар және олардың жасалу материалына, әшекейлену ерекшелігіне қарай әртүрлі аталады. Мысалы: алтыннан жасалған сырға мен күмістен соғылған сырға, қаралап безендірілген сырға, лажы тасты сырға, шытыралы сырға, қолқа сырға, қозалы сырға, тізбекті (үзбелі) сырға, күмбез пішінді сырға, қоңырау тәрізді сырға, ай формасындағы сырға, айшықты сырға, жұмыр сырға, ақық тасты сырға, иыққа дейін төгілетін сырға, иінге түсетін сырға, лағыл тасты сырға, гауһармен көмкерілген сырға, салпыншақты сырға, тастармен безендірілген сырға, үшкір ұшты (сою) сырға, тұмарлы сырға, өрнекті сырға, жапырақ пішінді сырға, шілтер іспетті сырға және шұбыртпалы сырғалар сынды алуан түрлері кездеседі. [5, 96].

Жүзік – сәндік үшін саусаққа салынатын әшекей бұйым, отау жүзік, құс мұрын жүзік, тасбақа жүзік т.б атаулары жасалу жолы мен тағу ретіне қарай әр түрлі келеді. [9, 14]. «Құс тұмсық» қыздарға тән зергерлік бұйымдар санатына жатады, тек бойжеткен қыздар тағады, оның себебі бақыттың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі. Этнографиялық деректерге сүйенсек, бойжеткеннің оны тағуы басының бос екенін білдірген. Ал қазіргі уақытта бұл ақпаратты білмегендіктен, барлық әйел қауымы тағады. Ертеде мөрлі жүзікке оймыштай салынған дұға, ру таңбасы да бейнеленген.

Құдағи жүзік – екі саусаққа тағылатын үлкен бұйым болып табылады. Оны әдетте қалыңдықтың ата-анасы қыздарының болашақ қайын енесіне сыйлаған және екі рудың бірлігін білдірді. Айта кетсек, қыз ұзатылып өзге елге аттанарда, анасы оның саусағындағы жүзікті шешіп алып, қыз жасауына қосып, орамалға орап, сандығына салып жіберетін дәстүр болған. Бұл жүзік қыздың жағдайынан хабар беретін нышан ретінде кейін қайтарылуға тиісті. Қыздың ағайын-туысы, әсіресе інілері, сәлемдесу не жағдайын білу мақсатымен барған кезінде сол құстұмсық, жүзікті алып қайтса, анасы ерекше қуанып, «құдағайым қызымды туған баласындай сыйлап жүр екен» деп марқайып, көрші-қолаңға шағын думан өткізген.

Білезік. Білезік көбінесе күмістен соғылады, сыңар қолға да, екі қолға да тағылатын бұйым. Біз оларды көлеміне қарай сом білезік, жұмыр білезік, бес білезік т. б. деп әртүрлі атаймыз. Оларға неше түрлі өрнек салып, асыл тас қондырып, сіркелеп, ширатып әсемдеген. Қазақтарда кең тараған «бес білезік» жүзіктермен жалғанған үш шынжырлы білезікті қалыңдық үйлену тойында таққан. Үш шынжырмен жүзіктер арқылы жалғасып жасалған сәнді білезік қалыңдықтың үйлену тойында тағатын әшекейінің бірі. Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарында білезіктер негізінен дөңгелектеліп немесе төрт қырлы етіп соғылған. Ал солтүстік пен орталық, өңірлерде білезіктер күмістен жасалынып, жіңішке әрі жеңіл пішінде дайындалған. Оңтүстік мекенде қалың, құйма түріндегі білезіктер көбірек кездессе, батыс пен оңтүстік-шығыста

көлемді, беті алтынмен жалатылып, көзді тастармен әрленген сәндік білезіктер кең таралған. [5, 99].

Мақал-мәтел, тұрақты тіркестердегі зергерлік атаулар.

Академик Ә.Қайдардың пайымдауынша, халықтың, яғни этностың шын мәніндегі өмір сүру ерекшелігі, дүниетанымы тек қана оның тіліндегі көріністер арқылы сақталады. Әр дәуірде өмірді қамтамасыз еткен құрал-саймандар, қару-жарақтар, киім мен ас мәзірлері, тұрмыстық заттар және салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, ойын-күлкі мен той-томалаққа қатысты ұғымдардың атаулары және бұйымдарға қатысты сипаттамалары тек тілдің өзі яғни сөздер, тіркестер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер және аңыз-ертегілер арқылы ғана бізге жетеді [10, 35].

Мақал-мәтелдер әр халық үшін тарихи даму барысында бастан өткерген сан алуан оқиғалардың, табиғаттағы түрлі құбылыстарды байқауынан, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы мен мінез-құлқы, ой-өрісі, дүниетанымы туралы жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен түйген тұжырымдарының жиынтық көрінісі. Олар тұрмыстағы, әлеуметтік өмірдегі құндылықтар мен даналықты бейнелейтін, терең мағыналы, бейнелі әрі ықшам түрде жеткізілетін философиялық ойлардың көркем тілмен тізбектелген нұсқасы. Мақал-мәтелдер фразеологиялық жүйеде толығымен орнығып, қайта өңделіп, көркемделген тұрақты сөз тіркестері ретінде ерекшеленеді.

Махмұд Қашқарида «Кімнің білә қаш болса йашын йақмас – жақұты бар жанға жасыл түспес» деген мақал бар. Бұл сөздің мағынасы – әр асыл тастың өз қасиеті бар, оларды адамдар жүзікке көз етіп тағады. Сондай жақұт орнатылған жүзікті таққан адамға ешқашан жасыл түспейді, яғни көз тимейді. Жақұттың қасиеті егер оны бөзге орап, отқа тастасаң да, не бөз, не тас жанбайды. Тіпті шөлден қатты қиналған адам сол жақұтты таңдайына салса, шөлі басылады дейді. [11, 242].

«Өтлүг иінжу йердә қалмас» мақалының мағынасы күң де елеусіз қалмайды, олар да өмірден өз орнын табады дейді [11,201].

Қазақ тілінде «тесік моншақ жерде қалмас», қырғыз тілінде «көздүү мончок жерде калбас» не «көздүү мончок жерде калбайт» болып келеді. Байқағанымыздай, «өтлүг, яғни тесік» сөзінің орнын «көздүү, яғни көзді» сөзі ауыстырғанымен, мақал өз мәнін жоғалтпаған.

Зергерлік бұйымдардың көбі әр түрлі материалдан жасалады, бірақ алтынмен жасалған бұйымдар қымбат саналады. Сондықтан алтынға қатысты тіркестер де тілімізде баршылық. Ғалым І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегі бойынша бірнеше тіркестерді сүзіп алдық:

Мысалы, «Алтынның сынығы» деген тұрақты тіркес жақсы адамның ұрпағы, ізгі жанның жалғасы деген мағына береді.

«Ат басындай алтын» көлемі үлкен, салмақты алтын немесе аса мол олжа деген ұғымды білдіреді.

«Алтын дегенім мыс болып, күміс дегенім жез болды» үміт ақталмады, ойлағандай нәтиже шықпады деген мағынада қолданылады.

«Алтыннан ардақты, күмістен салмақты» өте қадірлі, аса қымбатты, бағалы адам туралы айтылатын бейнелі тіркес.

«Айдан алқа, жұлдыздан жүзік іздеме» қолы жетпейтін нәрсеге ұмтылма, мүмкін емес дүниенің соңына түсіп босқа болма дегенді білдіреді.

«Алтын бергек, асыл діңгек» арқа сүйер, қолдау көрсететін, сенімді адам туралы айтылады.

«Алтын тәж киді» жоғары билікке қол жеткізді, басқару тізгінін ұстады дегенді білдіреді.

«Әкеңнің ала моншағын алып па едім?» бұл тіркес «менде әкеңнің құны бар ма?» немесе «ол маған не істеді?» деген ренішті мәнде айтылады [12, 39].

Ғалым Ғ. Сағидолда «алтын» сөзін түркі-моңғол халықтарының саяси және құқықтық дәстүрімен тығыз байланысты символдық мәнге ие деп түсіндіреді. XII-XIV ғасырларда алтынмен безендірілген белбеу, алтын жалатылған ат әбзелдері (жүген, тізгін, ертұрман т.б.) мен алтын қапталған есігі бар киіз үйлер жай ғана байлық нышаны емес, жоғары биліктің, яғни хандық пен көсемдіктің айрықша белгісі саналған. Мұндай алтын бұйымдарды кез келген бай немесе бек емес, тек белгілі бір елдің ханы, тайпа басшысы немесе ру көсемі сияқты мәртебелі лауазым иелері ғана пайдалана алған деген пікірлер кездеседі [13, 173].

Түрік тілінде «bonsuk gibi», яғни «моншақ секілді» деген тұрақты тіркес бар. Оның мағынасы «өте кішкентай» және көбіне адамның көзін сипаттау үшін қолданылады.

«Мұндай ұлттық мәдениеттегі рәміздік, бейнелі және метафоралық мағынаға ие тіркестер мифтерде, аңыз-әңгімелерде, салт-дәстүрлерде, халықтық және діни туындыларда, көркем проза мен поэзиялық мәтіндерде, тұрақты тіркестер мен метафораларда, белгілер мен мақал-мәтелдерде әлі күнге дейін сақталып келеді. Бұл тілдік бірліктер адамның архетиптік әрі алғашқы таным-түсінігі мен ұжымдық орта бейнесі ретінде қалыптасып, жинақталған рухани-танымдық тәжірибенің көркем түрде бейнеленуі болып табылады» [14, 32].

Салттық дәстүр, мифтік түсініктер.

Сырға – сән үшін әйелдер құлағына тағатын әшекей зат [15].

Сырға ілу салты. Ертеде үйінде бойжеткен немесе тұрмысқа шықпай отырған қызы бар екенін яғни ешкімге атастырылмағанын білдіру үшін кереге, кілем немесе тіпті бақанға сырға іліп қою дәстүрі болған. Үйге ат басын бұрған жолаушы немесе қонақ үй ішін көзбен шолып, сырғаның ілулі тұрғанын байқаса, бұл шаңырақта жасы жеткен, тұрмыс құрмаған қыз бар екенін және оның ата-анасы әлі құда түсіп, сөз байласпағанын түсінген [16, 10].

Сөз оралымдарының бір тобы құдалыққа байланысты болып келеді. Мәселен, «сырға тағар» ежелден келе жатқан дәстүр, бұл салт бойынша құда түсіп, екі жақ келісімге келгеннен кейін жігіт жақ қыздың құлағына сырға тағады. Бұл дәстүрге байланысты қазақ тілінде болашақ келінді «сырғалы қыз» немесе «сырғалы» деп атаған. Алтай халықтарының тілінде де қалыңдықты «сырғалды» деп атайтыны осы үрдістің ықпалын көрсетеді. Сол сияқты, қырғыз тілінде де осы секілді дәстүр бар: болашақ келінге сырға тағу рәсімі «сөйке салды» деп аталады, ал «сөйке» қырғыз тіліндегі сырғаның баламасы.

Сырғаға қатысты түркі халықтарының көбінде «құлағыңа алтын сырға» деген тұрақты тіркес бар. Бұл сөз тіркесінің кодында «бұл сөзді естімегенің жөн» деген мағына

жасырылып тұр. Қазақ халқында ертеде үлкендер бір маңызды не көңілге қонымсыз әңгімелерді айтқанда, жанында отырған балаларға ескерту ретінде осы тіркесті қолданатын болған. Бұл – бір жағынан ескерту, бір жағынан емеурін білдіретін сөз. Сонымен қатар «құлағыңа алтын сырға» деген тұрақты тіркестің қарақалпақ тілінде «есінде тұтсын, ұмытпасын» деген де мағынасы бар. [17, 116].

Зерттеуші Тохтабаева сырға тағудың маңызын мына мысалмен дәлелдеген: «В представлениях казахского народа считалось, что отсутствие сережек приведет к тому, что через уши в голову заползут змеи» [18, 120].

Түрік тілінде сырғаға байланысты «kulağına күре olmak яғни *құлағына сырға болу*» деген фразеологизм бар. мағынасы – адамның басына түскен қиыншылықтан, көрген ісінен сабақ алуы керектігі, жасаған қателігін ұмытпай, оны ендігәрі қайталамауға тырысу керектігі: «*Umarım bu iş senin kulağına күре olur da aynı hataya bir daha düşmezsin* яғни аудармасы «*Бұл іс сенің құлағыңа сырға болар және жасалған қателікті қайта жасамайтындай боларсың деп үміттенемін*» деген мағынаны білдіреді [19,254].

Сақина. Қазақ халқының түсінігінде әйел адамның адалдығы мен тазалығы аса жоғары бағаланған. Ас әзірлейтін әйелдің қолында міндетті түрде сақина болуы тиіс деген ырым қалыптасқан. «Сақинаны тек сән үшін тақпайды, ол тазалықтың өлшемі», «Сақина сән үшін емес, мағына үшін» деген секілді сөздер осы наныммен тікелей байланысты туындаған. Сақина соғылатын күмістің таттанбайтынын, судың, тамақтың тез бұзылмауына сеп болған. Күміс сақинасыз дайындалған тағам «таза емес» деп саналды. Этнографтар сақина әйелдің жасын және оның мүліктік жағдайын көрсететінін атап көрсетеді. «Ит аяғына салу» дәстүрі бойынша, жас келін бір ауылға қонаққа барған кезде «есік көруге» арайы шақырылғанда, ауылдың қарт әжелері мен ақ жаулықты аналарына «итаяғына сал» деп сақина, күміс жүзік секілді бұйымдар сыйға тартқан. Баланы суға түсіргенде ыдысқа күмістен жасалған жүзік, сақина, түйме секілді заттарды салып, жуындырған. Ал жиналған әйелдер күміс бұйымдарды ырым қылып бөлісіп алатын болған.

«*Сақина салмақ*», «*теңге алу*» секілді хрематонимдердер сақина, теңге секілді сөздермен қалыптасқан тұрақты тіркестер ұлттық ойын атауларына берілген. Бұл тұрақты тіркестер халық арасында қолданылуы қолөнер бұйымдарын, зергерлік бұйымдарды қолдана отырып, ойын-сауық дәстүрлеріне негізделе қалыптасқан.

Сақинаға байланысты басқа түркі халықтарында да көптеген фразеологизмдер кездеседі. Мысалы, түрік тілінде «*yüzüğü geri çevirmek*» деген тұрақты тіркес бар, қазақшаға аударғанда «*жүзікті кері аударып тағу*» деген сөз. Мағынасы «*evlenme sözünü geri almak, nişanı bozmaқ*», яғни «*үйленуден бас тарту, некені бұзу*» дегенді білдіреді

Айшық – ай, жұлдыз суреттері салынатын яки ою-өрнексіз әйелдердің жаулығына тағатын, жүгенге, ердің қасына орнатылатын жарты ай бейнелі күміс әшекей. Осыған байланысты «айшығы айналып жүр/айшығы ауып қалды» деген тұрақты тіркес қалыптасқан. Мағынасы «шаршап мазасы кетіп жүр» дегенді білдіреді [20,15].

Зергерлік бұйымдарға байланысты әр түрлі ырымдар болған. Мысалы, үйдің төрін «атаның көзі», «апаның көзі» деп белбеу, жүген, әртүрлі әшекей бұйымдар ілініп, олар қорғаушы күшке ие делінді. Әсіресе белгілі адамдар, батыр-билердің, емшілердің заттары айрықша сиқырлы күшке ие деп саналды.

Тұмарды балалар мен жас қыздар кеудесіне таққан. Мұндай бұйымдар «зұлым» күштерден ең күшті қорғаныс болып саналды. Пішіні әртүрлі: цилиндрлік, үшбұрышты және тікбұрышты. Тұмардың ішіне «сиқырлы шөптер», тұз және басқа заттар салынған, олар халықтық наным бойынша қорғаныс қызметін күшейтеді.

Қазақ зергерлері әрбір бағалы тастың өзіндік құны мен ерекше қасиеті бар екенін жақсы аңғарған. Кейбір тастар адамның жолын ашып, құт-береке әкелсе, енді бірі көз тиюден қорғайды, ал тағы бір түрлері құрғақшылықта жауын шақыратын күшке ие деп пайымдаған. Орта ғасырларда халық емшілері мен дәрігерлері алтын, нефрит, маржан секілді тастарды жұту адам өміріне қауіп әкелмейді, керісінше, оның ғұмырын ұзартады деп сенген.

Қазақ әйелдері ерте замандарда шолпы мен шашбауды тек көркемдік үшін ғана емес, бұрымды тарқатпай ұстау мақсатында қолданған. Халық сенімінде «әйелдің жаны шашымен тығыз байланысты» деген сенім болған. «Шашты кез келген жерге тастауға болмайды» деген тыйым бар, себебі ол - әйелдің қадір-қасиеті мен ішкі болмысының нышаны ретінде пайымдаған.

«Шеберлердің жоғары талғаммен, ұқыптылықпен жасаған қолөнер туындылары жас ұрпақтың ұлттық болмысқа сай көркемдік көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл өнер үлгілері эстетикалық тәрбие құралы ретінде қызмет етіп, жастарды ғасырлар бойы қалыптасқан бай мәдени және рухани мұраларды терең түсініп, қадірлей білуге баулиды. Дегенмен, мұндай тәрбиенің нәтижелі болуы үшін ұлттық өнерді кеңінен насихаттау үнемі басты назарда болуы тиіс» деп пікір білдірген тіл зергері Р.Шойбеков тұжырымы алдағы уақытта жастар санасында отаншылдық сезімі мен рухани дүние байытуға септігін тигізеді деген оймен ұстанатыны анық [9, 4].

Қорытынды

Зергерлік әшекейлер дәстүрлі қазақ қоғамында тек сәндік-көркемдік қызмет атқарып қана қоймай, киім-кешек мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде маңызды рөл атқарған. Олар адамның жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне және аймақтық ерекшеліктеріне қарай сараланып, жеке басының ерекшелігін танытатын этномәдени белгі ретінде қолданылған. Сонымен қатар, зергерлік бұйымдарға ғұрыптық және магиялық мағына жүктеліп, олардың қорғаушылық, тәлімдік және танымдық функциялары қатар орын алған. Жүзік, алқа, білезік, моншақ сынды әшекейлер зұлым күштерден сақтайтын тұмар ретінде қарастырылған. Белгілі бір әшекейлердің тек нақты әлеуметтік топтарға немесе жас ерекшеліктеріне тән болуы – мысалы, шолпы мен құстұмсық жүзіктің бойжеткендерге, ал құдағай жүзіктің құдағайларға арналуы – зергерлік бұйымдардың әлеуметтік рөлін айқындай түседі. Сондай-ақ әшекейлер тақ санды тиындар (үш, бес, жеті) халықтың дәстүрлі дүниетанымы мен наным-сенім жүйесімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан зергерлік әшекейлер этномәдени код ретінде қарастырылып, халқымыздың рухани және материалдық мәдениетінің кешенді көрінісі болып табылады.

Дәстүрлі зергерлік өнердің киелі бастауларына назар аудару оның мифологиялық сана үлгілерімен сабақтастығын айғақтайды. Ғылыми зерттеулер көшпелі қоғамның тарихи даму барысында қалыптасқан дүниетанымдық құрылымдардың, тұрмыстық

дағдылар мен патриархалдық-туыстық қатынастар жүйесінің ұзақ уақыт бойы тұрақтылығын сақтап қалғанын көрсетеді. Бұл үрдіс дәстүрлі зергерлік өнерде мифтік мазмұнның символдық әрі шартты өнер тіліне трансформациялануы арқылы көрініс табады. Қазақ халқының мәдени кодына қатысты білім үлгілері ұрпақтар сабақтастығы негізінде, генетикалық деңгейде беріліп отырса, олардың мазмұнын ашу көшпелі өмір салтына тән сакралды идеялардың мәнін пайымдауға және көшпелілердің этикалық-эстетикалық ұстанымдарын жүйелі түрде зерделеуге мүмкіндік береді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Кудьярова Ш.Т. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Қортабаева Г.Қ. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы, талдау және статистикалық деректермен жұмыс.

Дарменова А.А. – мақаланы журнал талабына сай техникалық рәсімдеу, әдебиетпен жұмыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Манкеева, Ж.А. (2008) Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, б. 356.
2. Шалгинбаева, С.Х., Бояринцева, К.Е. (2022) Ювелирные украшения в культуре казахов трансформация традиций в современных условиях, Известия Алтайского государственного университета. Барнаул, 3. Доступно по ссылке: <https://izvestiya.asu.ru/article/view/%282022%293-08> (дата обращения: 1 декабря 2024 г.)
3. Гарвалик, М. (2007) К вопросу о современной ономастической терминологии, Вопросы ономастики. Екатеринбург: Изд-во Уральского университета, 4, с. 196.
4. Подольская, Н.В. (1988) Словарь русской ономастической терминологии. Москва: Наука, с. 192.
5. Сутеева, М.А., Кургамбеков, М.С. (2016) Сәндік қолданбалы қолөнер. Электронды оқу құралы. Ақтөбе: Эверо, б. 268.
6. Сейфуллин, С. (1986) Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, б. 344.
7. Арғынбаев, Х. (1987) Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 128 б.
8. Аймауытов, Ж. (2013) Алты томдық шығармалар жинағы. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. Алматы: Ел-шежіре, б. 384.
9. Шойбеков, Р. (1991) Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, б. 88.
10. Қайдаров, Ә. (1988) Тарихи лексикология және этнолингвистика. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, б. 200.
11. Қашқари, М. (1998) Түркі тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: ХАНТ, б. 600.
12. Кеңесбаев, І. (1977) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Арыс, б. 712.
13. Сағидолла, Ғ. (2003) Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша салыстырмалы зерттеу). Алматы: Ғылым, б. 267.

14. Ермекова, Т.Н, Жаңабаева, Н.А. (2022) Қызға қатысты этнографизмдердің танымдық сипаты, Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. Алматы, 3.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). XV томдық. XIII том. Алматы, б. 752.
16. Әшімбаева, Н., Өтебаева, Ә. (2023) Зергерлікті зерделеген ғалым, «Қазақ лингвомәдениет-танымы: теориясы, эмпирикасы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: ЖК Асыл, б. 266.
17. Пахратдинов, Қ., Бекниязов, Қ. (2018) Қарақалпақ тилинің фразеологизмлер сөзлігі. Нөкіс: Қарақалпақстан, б. 160.
18. Тохтабаева, Ш.Ж. (1984) Казахские народные женские ювелирные украшения XVIII–XX вв.: автореферат на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алма-Ата, с. 125.
19. Türkçe deyimler sözlüğü (2016). Istanbul, p. 256
20. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі (1997). Алматы: Сөздік-Словарь, б. 368.

Ш.Т. Кудьярова, Г.Қ. Кортабаева, А.А. Дарменова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Сакральный и этнокультурный код казахских ювелирных хрематонимов

Аннотация. В статье рассматриваются названия ювелирных украшений, их мифо-семантическое значение и интерпретация, тематико-лексические типы и особенности употребления. На стыке языка и культуры важно раскрыть внутреннее содержание, культурную семантику и сакрально-культурную прагматику архетипичных, мифических и символических лингвокультурем, сформировавшихся в языке, связанном с ювелирным искусством. Национальный дух, содержащийся в эталонах, стереотипах и символах, зашифрованных через ювелирные изделия сохраняется в метафорах, паремиологической и фразеологической системах. Эталоны, национальные стереотипы и символы отражают духовную сущность, мировоззрение народа и передаются из поколения в поколение.

Целью исследования является выявление ключа к этнокультурному коду, скрытому во внутреннем содержании названий украшений казахских женщин білезік, бетмоншақ (лобная подвеска), жүзік (перстень), жырға (подвеска), сақина (кольцо), сырға (серьги), түйме (пуговица), шашбау (украшение для волос), шытыра и шолпы (звонкие подвески), посредством анализа информации, сохранившейся в фразеологии и паремиологии.

Ювелирные изделия рассматриваются не только как украшения или символ достатка, но и как важные носители ритуального, мифологического, сакрального и функционального значения, учитывая традиции ношения, вариативность в зависимости возрастных особенностей и практического характера. Кроме того, они рассматриваются и как исторический источник, с учётом их функционального назначения, региональных и возрастных различий.

Ключевые слова: культурный код, казахская женщина, обычаи и традиции, народная мудрость.

Sh.T. Kudyarova, G.K. Kortabayeva, A.A. Darmenova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The Sacred and Ethnocultural Code of Kazakh Jewelry Chrematonyms

Abstract. This article explores the names of jewelry items, their mythic-semantic meanings and interpretations, thematic-lexical categories, and usage peculiarities. At the intersection of language and culture, it is crucial to uncover the inner essence, cultural semantics, and sacred-pragmatic significance of archetypal, mythical, and symbolic linguocultural units related to the art of jewelry. Jewelry encodes standards, stereotypes, and symbols that reflect national spirit through metaphors preserved in paremiological and phraseological systems. These culturally marked elements are transmitted from generation to generation, revealing the spiritual worldview of the Kazakh people. The study aims to decode the ethnocultural meanings embedded in women's adornmentssuch as bracelets (bilezik), facial beads (betmonshak), rings (zhuzik, sakina), pendants (zhyrga), earrings (syrga), buttons (tuyme), hair ornaments (shashbau), and decorative chains (sholpy, shytyra)through data preserved in phraseology and paremiology. These jewelry items are not only indicators of beauty or wealth but also serve as ritualistic, mythical-sacred, and functional objects, with their traditional use, age-specific variations, and practical applications considered key subjects of study. Additionally, jewelry is examined as a historical source, with attention to its functional meanings, regional features, and distinctions based on age.

Keywords: cultural code, Kazakh woman, traditions, folk wisdom.

References

1. Mankeeva, Zh.A. (2008) Kazak tilindegi jetnomadeni ataulardyn tanyndyk negizderi. Almaty: Zhibek zholy, b. 356. [in Kazakh]
2. Shalginbaeva, S.H, Boyarinceva, K.E. (2022) Yuvelirnye ukrasheniya v kul'ture kazahov transformaciya traditsij v sovremennyh uslovijah, Izvestiya Altajskogo gosudarstvennogo universiteta. Barnaul, 3. Dostupno po ssylke: <https://izvestiya.asu.ru/article/view/%282022%293-08> (data obrashheniya: 1 dekabrya 2024 g.). [in Russian]
3. Garvalik, M. (2007) K voprosu o sovremennoj onomasticheskoy terminologii, Voprosy onomastiki. Ekaterinburg: Izd-vo Ural'skogo universiteta, 4, s. 196. [in Russian]
4. Podol'skaya, N.V. (1988) Slovar' russkoj onomasticheskoy terminologii. Moskva: Nauka, s. 192. [in Russian]
5. Suteeva, M.A., Kurgambekov, M.S. (2016) Sandik koldanbaly koloner. Jelektrondy oku kuraly. Aktobe: Jevero, b. 268. [in Kazakh]
6. Seifullin, S. (1986) Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. Almaty: Zhazushy, b. 344. [in Kazakh]
7. Argyubaev, H. (1987) Kazak halkynyn koloneri. Almaty: Oner, 128 b. [in Kazakh]
8. Ajmauytov, Zh. (2013) Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Povest' pen angimeler, audarmalar. Almaty: El-shezhire, b. 384. [in Kazakh]
9. Shojbekov, R. (1991) Kazak zergerlik onerinin sozdigi. Almaty: Gylym, b. 88. [in Kazakh]
10. Kajdarov, A. (1988) Tarihi leksikologiya zhane jetnolingvistika, Kazak tili tarihi leksikologijasynyn maseleleri. Almaty: Gylym, b. 200. [in Kazakh]
11. Kashkari, M. (1998) Turki tilinin sozdigi: (Diuni lugat-it-turik): 3 tomdyk shygarmalar zhinagy. Almaty: HANT, b. 600. [in Kazakh]

12. Kenesbaev, I. (1977) Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi. Almaty: Arys, b. 712. [in Kazakh]
13. Sagidolla, F. (2003) Pojetikalyk frazeologizmderdin jetnomadeni mazmuny (kazak zhane mongol tilderinin materialdary boynsha salystyrmaly zertteu). Almaty: Gylm, b. 267. [in Kazakh]
14. Ermekova, T.N, Zhanabaeva, N.A. (2022) Kyzga katysty jetnografizmderdin tanymdyk sipaty, Euraziya gumanitaryk instituty Habarshysy. Almaty, 3. [in Kazakh]
15. Kazak adebi tilinin sozdigi (2011). XV tomdyk. XIII tom. Almaty, b. 752. [in Kazakh]
16. Ashimbaeva, N., Otebaeva, Je. (2023) Zergerlikti zerdelegen galym, «Kazak lingvomadeniETTanymy: teoriyasy, jempirikasy men praktikasy» atty halykaralyk gylmi-teoriyalyk konferenciya materialdary. Almaty: ZhK Asyl, b. 266. [in Kazakh]
17. Pahratdinov, K., Bekniyazov, K. (2018) Karakalpak tilinin frazeologizmler sozligi. Nokis: Karakalpakstan, b. 160. [in Kazakh]
18. Tohtabaeva, Sh.Zh. (1984) Kazahskie narodnye zhenskie juvelirnye ukrasheniya XVIII–XX vv.: avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Alma-Ata, s. 125. [in Russian]
19. Türkçe deyimler sözlüğü (Istanbul, 2016, 256 p.) [in Turkish]
20. Kazak dastyrlı madenietinin jenciklopediyalyk sozdigi (1997). Almaty: Sozdik-Slovar', b. 368. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Кудьярова Ш.Т. – PhD, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Қортабаева Г.Қ. – хат-хабарға жауапты автор, филология ғылымдарының кандидаты, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Дарменова А.А. – PhD докторант, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Кудьярова Ш.Т. – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Кортабаева Г.К. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Дарменова А.А. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Kudyarova Sh.T. – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kortabaeva G.K. – Corresponding author, Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Darmenova A.A. – PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).